

14 қаңтар
сейсенбі,
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

НҰРЛЫХАН МҰХАМБЕТОВ- «ДАЛА ҚЫРАНДАРЫ» ТУРНИРИНІҢ ЖЕҢІМПАЗЫ!

ӨТКЕН ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ АСТАНА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЖАҚСЫЛЫҚ ҮШКЕМПИРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК САРАЙЫНДА ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН ЕРЕСЕКТЕР АРАСЫНДАҒЫ «ДАЛА ҚЫРАНДАРЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРИ ӨТТИ.



Бұл жарыс – еліміздің ең мықты балуандарының бір кілемде бақ сынап, шеберліктерін көрсетуіне мүмкіндік беретін маңызды спорттық шара. Турнирде 8 салмақ дәрежесіндегі Қазақстанның ең үздік балуандары анықталды.

Турнирдің негізгі мақсаты – қазақ күресін насихаттау, спорттық дәстүрлерді нығайту және қатысушылардың кәсіби деңгейін көтеру. Сайыста 8 салмақ дәрежесінде елдің үздік балуандары анықталды.

60 кг салмақ дәрежесінде Ақтөбе облысының намысын қорғаған "Бас палуан" Нұрлыхан Жұмабергелұлы Мұхамбетов қарсыластарын айқын

басымдықпен жеңіп, "Дала қырандары" республикалық турнирінің жеңімпазы атанды. Жеңімпазға 5 миллион теңгенің сертификаты және "Дала қыраны" чемпиондық белбеуі табысталды.

ЕКІ ҒАСЫРДЫҢ КҮӘСІ

ЕЛІМІЗДЕ 100 ЖАСАҒАН ЖӘНЕ ОДАН ДА ҮЛКЕН ЖАСТАҒЫ 423 АЗАМАТ БАР. 100 ЖЫЛ ҒҰМЫР КЕШІП, ЕКІ ҒАСЫРДЫҢ КҮӘСІ БОЛҒАН ҚАРИЯЛАРЫМЫЗДЫҢ АРАМЫЗДА ЖҮРГЕНІ ҚҰАНТАДЫ.



Расында, бір ғасыр ішінде ұлт тарихындағы қаншама оқиғаға куә болған қариялардың өнегелі өмірі бүгінгі ұрпаққа үлгі. Сондай ардақты жан, Ойыл ауданының тұрғыны - Зәуре Ермекебаева.

Кейуана өзінің 100 жасқа толған қуанышты күнін көріп отыр. Әжемізді құттықтаушылар да, батасын алып, өнегелі өмірін үлгі етушілер де көп. Осындай мақсатта аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы, аудандық мүгедектер қоғамының төрағасы Тыныштыбай Шалабаев ғасыр жасаған кейуаның шаңырағына барып, туған күн иесін құттықтады.

Гүл шоқтарын ұсынып, сый-сияпат көрсетті. Аудан әкімі өз сөзінде: "Қарты бар үйдің қазынасы бар" деген аталы сөзді ата-бабамыз бекер айтпаған. Сіздердің ақыл-кеңестеріңіз бен кейде айтқан сұңғарыңыз біз үшін үлкен сабақ әрі алға ұмтылуға жігер береді. Өйткені сіздер салған жол - кейінгі ұрпақ үшін өнеге. Жаңа жылда сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр және отбасыларыңызға амандық тілеймін!" - деді.

Зәуре Ермекебаева осы жасқа келгенше жақсылық пен жамандықты, бейнет пен зейнетті, қиындық пен қуанышты қатар көрген. Бүгінде сол бейнетпен өткен ғұмырының зейнетіне бөленіп, ұрпақтарының алдында бақытты өмір кешіп отыр. Жастық шағы соғыс уақытында өтті. Тылда тер төгіп, туған жерінде еңбек еткен аяулы ана, ардақты әже бүгінде ұрпақтарының қызығын көріп отыр.

Арнайы құттықтай келген азаматтарға ризашылығын білдірген кейуана елдің аман-дығын тілеп, ақ батасын берді.

ДИАС ПЕН НҰРИСЛАМ ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ

ҚАҢТАР АЙЫНЫҢ 4-11 АРАЛЫҒЫНДА ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА 2012-2013 ЖЫЛЫ ТУҒАН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ВОЛЕЙБОЛДАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ВОЛЕЙБОЛДАН ҚЫСҚЫ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТТИ.



Бұл жарыста Ақтөбе облысының командасы жоғары нәтижеге қол жеткізіп, жүлделі II орынды иеленді. Команда құрамында ерекше көзге түскен спортшылардың бірі – ауданымыздың 7-сынып оқушылары Диас Аманкелді мен Нұрислам Бисембин. Олар нәтижелі ойындары арқылы команданың жеңіске жетуіне зор үлес қосты. Жас спортшылардың шеберлігі мен табандылығы жарыстың ең қызықты сәттерін сыйлады.

Сонымен қатар, жас спортшылардың жаттықтырушысы Нұрлыжан Мұқашев та ерекше құрметке лайық. Оның жетекшілігімен жас спортшыларымыз жігерлі дайындалып, республикалық деңгейде қарсыластарымен тең дәрежеде өнер көрсетті. Ойыл спортшыларының бұл жетістігі – тек ауданның ғана емес, бүкіл Ақтөбе облысының мақтанышы. Олар ойылдықтар үшін волейбол спортының қаншалықты маңызды екенін тағы бір дәлелдеді.

АУРУХАНАДАҒЫ ЖАҢА АППАРАТТАР ЕМДЕУГЕ ЖАҢА МҰМКІНДІКТЕР



Жаңа жыл аудандық аурухана үшін жағымды жаңалықтармен басталды. Яғни, құлақ, мұрын, тамақ ауруларын кең түрде диагностикалау және емдеуге арналған SMART LOP – комбайн құрылғысы келді. Бұл құрылғының көмегімен бірнеше ем-шараны орындауға болады. Мәселен, құлақ жуу, аппараттың корпусында орналасқан, ауа жіберу компрессі арқылы дәрілік ерітінділерді жіберу. Айналарды тез арада жылыту мүмкіндігі. Құралдың корпусында аспирационды помпасында, вакуум шығарып және емдік шараларды жүргізеді. Сонымен қатар құрылғы аспирационды құбырдың дезинфекция жүйесімен жабдықталған. Сондай-ақ, берілген құрылғы 2 суық жарық көзімен (2x150W), эндоскопия

дезинфекция құралымен жабдықталған. Сонымен қатар, ауруханаға жаңа кувез келді. Кувез - шала туған шақалақты немесе ауырып қалған нәрестені жатқызуға арналған оттегіні автоматты түрде беретін әрі жайлы температуралық режимді сақтап тұратын құрылғы. Аппараттың көмегімен перзентханаларда мұндай жабдық өмірлік маңызды функцияларды сақтау үшін шұғыл терапия мен жедел көмекке мұқтаж шала туған нәрестелерге арналған. Оңтайлы температураны үнемі сақтап тұру баланың денесіне терморегуляцияға артық энергияны жұмсауға мүмкіндік береді, соның арқасында ол өмір сүру жағдайларына тез бейімделіп, салмақ жинайды.

ӘКІМ САЙЛАУЫ-2025

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ ОЙЫЛ ЖӘНЕ Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОҚРУГТЕР ӘКІМДІГІНЕ КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТҰРАЛЫ ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-5-бабына сәйкес Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы ауылдық округтері әкімдеріне келесі кандидаттарды тіркеді:

ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОҚРУГІ

Алекеш Ахмет Алтайұлы - 1993 жылы дүниеге келген. «Кептоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы. Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Кептоғай ауылының тұрғыны. Өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған.

Сағынғалиев Рүстем Темірұлы - 1985 жылы дүниеге келген. «Ж.Жүсіпәлиев атындағы қазақ орта мектебі» КММ-нің мұғалімі. Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылының тұрғыны. «AMANAT» партиясы ұсынған.

Туремуратов Маулен Оралұлы - 1986 жылы дүниеге келген. «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-нің басшысы. Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылының тұрғыны. Өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған.

Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОҚРУГІ

Айтқалиев Нұрлан Айсұлпы - 1995 жылы дүниеге келген. «Ойыл ауданы әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы. Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылының тұрғыны. Өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған.

Избасов Әділбек Жансерікұлы - 1991 жылы дүниеге келген. «Ойыл ауданы әкімінің аппараты» ММ-нің бас инспекторы. Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылының тұрғыны. «AMANAT» партиясы ұсынған.

Наурызбаев Алмат Наурызбайұлы - 1993 жылы дүниеге келген. «Сарбие ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы. Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Сарбие ауылының тұрғыны. Өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған.

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ І-ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Қазыбаев Асқар Қайырғалиұлы, аудан әкімі	Қаңтар айының 9,16,23 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43 Ойыл ауданы әкімдігінің ғимараты	2-12-23
		Ақпан айының – 6, 13, 20 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Наурыз айының – 6, 13, 20 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		

2025 ЖЫЛДЫҢ І ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АУДАН ӘКІМІ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АУДАН ӘКІМІ АППАРАТЫ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж.,лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Сүлейменов Саян Сапарұлы, аудан әкімінің орынбасары	Қаңтар – 14, 21, 28 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43 Ойыл ауданы әкімдігінің ғимараты	2-12-23
		Ақпан – 4, 11, 18, 25 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Наурыз – 4, 11, 18, 25 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
	Айдарбаев Мұратбай Болатұлы, аудан әкімінің орынбасары	Қаңтар – 8, 15,22 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Ақпан – 5,12, 19 , 26 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Наурыз – 5, 12, 19 ,26 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
	Тұрғамбеков Нұржау Орынбасарұлы, аудан әкімінің орынбасары	Қаңтар – 6 ,13,20 ,27 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Ақпан – 3,10, 17 , 24 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Наурыз – 3, 10, 17 ,24 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
	Тілепов Ербол Мырзабайұлы, аудан әкімі аппаратының басшысы	Қаңтар – 10 ,17,24 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Ақпан – 7,14, 21 , 28 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Наурыз – 7, 14, 21 ,28 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		

«ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ» ММ-НІҢ 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ.

Бөлім басшысының аты-жөні, тегі	Қызметі	Азаматтарды қабылдау күні және уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Туремуратов Маулен Оралұлы	Бөлім басшысы	Әр аптаның сейсенбі, бейсенбі күндері: Сағат 9.00 – 12.00	Ойыл селосы Көкжар көшесі №69 Кабинет 309	8(71332) 2-18-80

Сенім телефоны «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 2-18-80 нөмірінде орнатылған. Сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ І - ТОҚСАН БОЙЫНША ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Қабылдау жүргізетін адамның аты- жөні	Қабылдау күндері мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Сарбие ауылдық округі әкімі Ә.Кереев	Қаңтар 6,10,13,17, 20,24,29 Ақпан 3,7,12,10,14,17,21,26 Наурыз 3,6,11,17,25,31	Жастар көшесі № 16	35-2-20

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімі	Адилханов Болатбек, бөлім басшысы	Әр аптаның жұма күндері Уақыты: сағ. 10:00-ден 12:00-ге дейін	Ойыл селосы, Құрманғазин көшесі №43 ғимарат	2-11-54

«Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегі сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефонының номері 2-11-54. Сонымен қатар, мекемеде ұсыныс – пікір салу үшін жәшік орнатылған.

САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ І - ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Қабылдау жүргізетін адамның аты – жөні	Қабылдау күндері мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Саралжын ауылдық округі әкімі М.Тажигалиев	Қаңтар 9,16, 23, 30 Ақпан 6, 13, 20, 27 Наурыз 6, 13, 20, 27 Уақыты сағ.: 9:00 ден -12.00 ға дейін	Қазақстан көшесі – № 11А	74 – 001

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ «Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 74-001, сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ І - ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік мекеменің атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» ММ	Займолдин Сәкен Ғазизұлы, аудандық мәслихат төрағасы	Әр аптаның сейсенбі күндері Уақыты: Сағ.: 10-00 ден 12-00 ге дейін	Ойыл селосы Құрманғазин көшесі №43	2-13-70

2025 ЖЫЛДЫҢ І - ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ		Әр аптаның дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі күндері. Уақыты:сағ.- 10:00 ден -18:00 ға дейін.	Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69	2-10-20
«Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Алдияр Арсланбек Алтынбекұлы Ойыл ауылдық округі әкімінің орынбасары	Әр аптаның сәрсенбі, жұма күндері. Уақыты: сағ.- 10:00 ден -18:00 ға дейін.	Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69	2-10-20

2025 ЖЫЛДЫҢ І - ТОҚСАНЫНА КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Атқаратын қызметі	Қабылдау күндері	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері, байланыс телефоны
1	Асылбаев Ерлан Базарбаевич	Көптоғай ауылдық округінің әкімі	8,15,22, 29 қаңтар 5,12,19,26 ақпан 5,12,19,26 наурыз Уақыты: Сағат: 10.00- 12.30	Көптоғай ауылы, Мәңгілік ел көшесі №20 Тел:74-5-23

КОЛЛЕДЖ ДИПЛОМАДЫ МЕН МЕКТЕП АТТЕСТАТТАРЫН EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ЦИФРАНДЫРУҒА БОЛАДЫ

eGov.kz порталында білім туралы құжаттарды цифрландыруға арналған қызмет қолжетімді. Енді азаматтар тек қате деректерді түзетіп қана қоймай, құжаттың цифрлық нұсқасын жасауға өтініш бере алады. Қызмет тек бұрын алынған дипломның немесе аттестаттың сканерленген көшірмесі болған жағдайда ғана қолжетімді.

«Білім туралы құжаттардағы мәліметтерді жаңарту (түзету)» мемлекеттік қызметі кеңейтілді. Бұрын бұл қызмет тек қате мәліметтерді түзетуге мүмкіндік берсе, енді білім туралы құжаттарды цифрландыруға өтініш беру мүмкіндігі қосылды.

Қызметті пайдалану үшін:

- eGov.kz порталында авторизациядан өтіп, «Азаматтарға» - «Білім» бөлімін таңдау керек;
- «Білім туралы құжаттардағы мәліметтерді өзектендіру (түзету)» қызметін таңдап, «Онлайн сұрау» батырмасын басу қажет;
- «Білім туралы құжаттар туралы ақпаратты цифрландыру» қызметін таңдап, білім туралы құжаттың түрін көрсетіп, құжаттың сканерленген көшірмесін тіркеу керек;
- қызметтің нәтижесі пайдаланушының жеке кабинетінде «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде қолжетімді болады.
- Құжаттарды цифрландыру кезең-кезеңмен жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта 1980 жылдан 2023 жылға дейін берілген орта білім, техникалық және кәсіби білім беру құжаттары цифрландыруға жатады. Қызметті көрсету уақыты – 5 жұмыс күнін құрайды.
- Қызмет көрсетуден бас тарту ұсынылған құжаттар немесе деректер қате болған жағдайда мүмкін.
- Қызметтің жаңартылған функционалы ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ, ҚР Оқу-ағарту министрлігі және «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы» АҚ-ның бірлескен жұмысының нәтижесінде іске қосылды.

Жайнагүл СЕЙДАХМЕТОВА, «ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.

ШОКЫНУ МЕН ШОМЫЛУ ЫРЫМДАР МЕН ТЫМДАР



Қаңтар айының 18-нен 19-на қараған түні православ христиандары үшін ерекше діни мереке. Бұл мерекенің жоралғысы бойынша, шіркеу қызметкерлері таңертең ертемен келіп, мұзы ойылып, арнайы дайындалған өзен ойығына крест салып, кәдімгі қара судың қасиетін арттырады. Бұл судың қасиеті сол. Бұл мейрамда 19 қаңтар күні православ христиандары мұзы ойылып, арнайы дайындалған өзен ойығына суға түседі. Алайда осы күні ауданымызда да салқын суға шомылатын азаматтарымыз аз емес. Осыған орай азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі қауіпсіздік шараларын еске саламыз.

- құтқару қызметтерінің өкілдерінің және медицина қызметкерлерінің шомылуға; - суға тікелей мұздан сүңгуге; - купельді лақтау және қоқыстандыруға; - спирттік ішімдіктер ішуге, мас күйінде шомылуға; - өзімен бірге иттер мен басқа да жануарларды әкелуге; - мұзда, шешіну бөлмелерінде қағаз, шыны және басқа да қоқыстарды қалдыруға; - жалған дабылды айқайлауға; - суға шомылатын өзен ойығына автокөлікпен жүйке жүйесінің басқа ауруымен ауыруы мүмкін. Шомылғаннан кейін сүлгімен сүртініп, құрғақ киім киіңіз; ыстық шай ішу керек. Төтенше жағдайлар туындаған кезде 101, 112 бірыңғай құтқару қызметіне қоңырау шалу қажет. **Сондай-ақ келесі ережелерді сақтауды сұраймыз:** - Ойықта шомылудың алдында денені дұрыстап қыздырып алу керек. - Ойыққа ыңғайлы, тайғанамайтын және жеңіл көтерілетін аяқ киіммен келу қажет. Аяқтарды өткір тастар мен тұздан қорғайтын, сондай-ақ мұзда сырғып кетпейтін арнайы резеңке тәпшіктерді қолдануға болады. - Ми тамырларының рефлексорлық тарылуына жол бермеу үшін басын суламай мойынға батырған дұрыс. Ешқашан ойыққа басыңызбен секірмеңіз. Суға секіру және суға батыру ұсынылмайды, өйткені бұл температураның жоғалуын арттырады және суықтан соққыға әкелуі мүмкін. - Суға алғаш рет кірген кезде қажетті тереңдікке тез жетуге тырысыңыз, бірақ жүзбеңіз. - Ағзаның жалпы салқындауын болдырмау үшін ойықта 1 минуттан артық болмауға тиіс. **Назар аударыңыз!** Дәрігерлер балаларға суықта шомылуға қатаң тыйым салады! Жас балаларда, әсіресе нәрестелерде терморегуляция жүйесі жетілмеген. Үсу өте тез болады, ал ата-аналар оны байқамауы мүмкін. Мұндай шомылудың салдары өте ауыр жағдай болуы мүмкін: бала пневмониямен, менингитпен немесе орталық жүйке жүйесінің басқа ауруымен ауыруы мүмкін. Шомылғаннан кейін сүлгімен сүртініп, құрғақ киім киіңіз; ыстық шай ішу керек. Төтенше жағдайлар туындаған кезде 101, 112 бірыңғай құтқару қызметіне қоңырау шалу қажет. **Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі**

САЙЛАУ - 2025

ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР АЛЕКЕШ АХМЕТ АЛТАЙҰЛЫНЫҢ



ӨМІРБАЯНЫ

Ахмет Алтайұлы Алекеш 1993 жылдың 29 мамырында Ойыл ауданы Көптоғай ауылында дүниеге келген. 2011-2015 жылдары аралығында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе қаласындағы өңірлік мемлекеттік университетінде оқып, спорт және туризм мамандығын алды. 2022 жылы Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінде «Мемлекеттік қызмет және жергілікті басқару» мамандығы бойынша жоғары білім алды. 2015-2016 жылдары Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қаракөл негізгі мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарды. 2016-2017 жылдары Ойыл ауданы Құрман орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарды. 2017-2018 жылдары Амангелді орта мектебінде алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі болып қызмет жасады. 2018 жылдан бастап осы күнге дейін «Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ – де бас маман болып жұмыс жасайды.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті ауыл тұрғындары!

Менің сайлауалды бағдарламам Сіздермен бірге ауылдық округтегі бүгінгі күні ең өзекті болып отырған төмендегідей мәселелерді шешуге негізделген: Елді мекендерін көркейту, көгалдандыру, абаттандыру, ауыл көшелеріне асфальт төсеуді жалғастыру; Ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлікті дамыту, пайдаланбай жатқан жер учаскелерін қайтарып, қайта бөлу; Шаруа қожалықтарына лизингтік жүйемен техникалар алуына көмек беру; Ауыл шаруашылығы кәсіпкерлерінің отырған далалық жерлерінде инфрақұрылымның (ауыз су, жол, электр энергиясы) жүргізілуіне ықпал ету; Жастарға (шығармашылық, өнер, ғылым, спорт т.б. салалар бойынша) қолдау көрсету; Салауатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спорттың дамуын қамтамасыз ету мақсатында ауылдық округтің елді мекендерінде спорттық нысандарының салынуына ықпал ету; Жастарды ауылдық жерлерге тұрақтандыру мақсатында ауыл елді мекендерде тұрғын үйлер салынуына ықпал етіп, жергілікті бюджет қаржысы есебінен қаржылай қолдау көрсету шараларын ұлғайтылуына ықпал ету; Еңбекке қабілетті жұмыссыз азаматтардың жұмыспен қамтылуына жағдай жасап, ауылдық округтегі жұмыссыздық деңгейін мейлінше азайту.

Жариялау ақысы кандидаттың үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

САЙЛАУ - 2025

ОЙЫЛ АУДАНЫ ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР САҒЫНҒАЛИЕВ РҮСТЕМ ТЕМІРҰЛЫНЫҢ



ӨМІРБАЯНЫ

Сағынғалиев Рүстем Темірұлы Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ақшатау ауылында 1985 жылы 2 тамызда дүниеге келді. 1993 жылы Ақшатау орта мектебіне қабылданды, отбасы жағдайына байланысты аудан орталығына қоныс аударып, 1997 жылы Ж.Жүсіпбаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің 6-сыныбына қабылданды. Осы аталған мектепті 2003 жылы жақсы деген бағамен аяқтады. 2003-2006 жылдары Ақтөбе қаласындағы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің колледжін «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығын бітіріп шықты. 2006 жылы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтына түсіп, бітірді. Еңбек жолын 2006 жылы Ш.Бекмұхамбетова атындағы орыс орта мектебінде дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі болып бастады. 2007-2008 жылы оқу жылында Ж.Жүсіпбаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінде дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі болып ауысты. 2009-2010 жылы мектеп директорының орынбасары, 2012-2013 жылы дене тәрбиесінің спорт нұсқаушысы, 2013 мектеп директоры жанындағы әлеуметтік педагогы, дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі және 2019-2022 оқу жылында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып жұмыс атқарды. Қазіргі таңда Ж.Жүсіпбаев мектебінде денешынықтыру пәні мұғалімі болып жұмыс жасайды. Педагог-зерттеуші.

Отбасылы. 5 бала тәрбиелеп отыр. Облыстық кәсіподақтың «Құрмет грамотасы», Білім және Ғылым министрлігінің «Алғыс хаты», 2013 жылы облыс әкімінің «Алғыс хатымен», 2021 жылы Білім және Ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасымен» және «Білім өркеніет ұлттық инавация ғылым зерттеу орталығының» төсбелгісімен марапатталды.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Селолық округі әкімінің құзіретін пайдалана отырып, округ тұрғындарының жағдайын дамыту бағытында тұрақты жұмыс атқару. Уақыт талабына сай жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бағытында жұмыс жасап, Жергілікті қауымдастық, Ардагерлер кеңесі, Отбасы және әйелдер ісі кеңесі, Жастар ісі сияқты қоғамдық ұйымдардың жұмысын дамыта отырып, мемлекеттік басқарудан халықтық басқаруға қол жеткізу. Жергілікті жерде қоғамдық бақылауды енгізу арқылы ауылдағы ахуалға ауыл тұрғындарының ықпалын арттыруға қол жеткізу. Жұқпалы мал ауруларының алдын алуға қолданыстағы мал қорымдарын қалыпта келтіру, болмаған жағдайда жаңадан салғызу. Шаруа қожалықтарының жұмысының уақыт талабына сай ұйымдастырылуын қадағалай отырып, мал басын асылдандыру, мал бордақылау алаңдарын ашып шаруашылықтың тиімділігін арттыру мақсатында кооперативтер құру. Ауыл жастарының жұмысы, жастарды спортпен айналысуға тарту жөніндегі жұмысты жандандыру; Медициналық қызмет. Ауылдағы медициналық қызметтің сапасын арттыру. Шалғай ауылдың негізгі тірегі мектеп болғандықтан, мектептің тұрақты жұмыс жасап, жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруге ықпал жасау. Мектеп жасындағы және мектепке дейінгі балалардың тәрбиесіне мән бере отырып, олардың жазғы демалысын ұйымдастыру. Ауыл тұрғындарына әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын қадағалау. Аз мөлшерде қамтамасыз етілген отбасылардың, қарттар мен мүгедектердің тұрмыс жағдайларын тұрақты түрде назарда ұстау. Мұқтаж жандарға көмек ұйымдастыру. Ауыл мәдениетінің дамуына, абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізу. Қиындықты еңсеріп, жеңіске бірге жетеміз! «Ауылдарды өмір сүруге қолайлы мекенге айналдыруымыз керек».

Жариялау ақысы кандидаттың үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

САЙЛАУ - 2025

ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР МАУЛЕН ОРАЛУЛЫ ТӨРЕМҰРАТОВТЫҢ



ӨМІРБАЯНЫ

Төремұратов Маулен Оралұлы 1986 жылдың 1 маусымында Ойыл ауданы Кемер ауылында дүниеге келді. 1992 жылы Ө.Дербісалин атындағы қазақ орта мектебіне қабылданып, 2003 жылы аталған мектепті аяқтады. 2003-2007 жылдар аралығында Алматы экономика және статистика институтында «Қаржыгер» мамандығы бойынша жоғары білім алды. Еңбек жолын 2007 жылы Ойыл почта байланысы торабында оператор болып бастады. 2008 – 2009 жылдар аралығында Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімінде жетекші маман болып қызмет атқарды. 2009 – 2012 жылдары Ойыл аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінде бас маман болып қызмет атқарды. 2012 – 2020 жылдар аралығында Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімінде бас маман болып қызмет атқарды. 2020 жылдың 1 маусымы мен 1 желтоқсаны аралығында Ойыл ауданы әкімінің аппаратында бөлім басшысы болып қызмет атқарды. 2020 – 2021 жылдары Ойыл ауылдық округі әкімінің орынбасары қызметін атқарды. 2021 жылдан бастап Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы қызметін атқарып келеді.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті ауыл тұрғындары!

Сіздердің қолдауларыңызға ие болып, ауылдық округті басқаруға қолым жетсе, округті жан-жақты дамытуға қызмет жасауды азаматтық борышым деп санай отырып, Сіздермен бірлесіп атқаратын өз сайлауалды бағдарламамды ұсынамын: Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың орындалуын жүзеге асыруды ұйымдастыра отырып, ауылдық округте шағын кәсіпкерлікті, жаңа жұмыс орындарының ашылуын қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастырамын; Ауыл шаруашылығы саласында өнімдерді өңдеу саласын басым бағытта ұстаймын; Суармалы егіс көлемін ұлғайтылуына ықпал етемін; Жұмыссыз азаматтардың жұмыспен қамтылуына жағдай жасап, тұрғындардың жеке қосалқы шаруашылығын дамытуына көмек беремін; Электр қуаты мен ауыз сумен қамту мәселелерінің уақытылы шешілуін бақылауға аламын; Елді мекендерде көшелерді асфальттау жұмыстарын жалғастыра отырып, елді мекендер арасындағы автокөлік жолдарын жөндеу мәселелерінің шешілуі бойынша жұмыс жүргіземін; Жастардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға бағытталған спорттық және мәдени іс-шараларды жетілдіріп, өткізуге қолдау көрсетемін; Тұрғындардың талап-тілектері оң шешілуіне ықпал ететін үнемі назарда ұстау және олардың өтініштеріне жұмыс жасаймын.

Жариялау ақысы кандидаттың үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

САЙЛАУ - 2025

Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР АЙТҚАЛИЕВ НҮРЛАН АЙСАУЛЫНЫҢ



ӨМІРБАЯНЫ

Айтқалиев Нұрлан Айсәулі 1995 жылы 16 қарашада Ойыл ауданы, Қарой ауылында дүниеге келді. 2002 жылдың қыркүйек айынан бастап Қарой мектеп-бала бақшасына 1-сыныпқа қабылданып, 2013 жылы 11-сыныпты аяқтап, 2015 жылдың қыркүйек айында, Баишев атындағы Ақтөбе университетіне «Педагогика және психология» мамандығына оқуға түсіп, 2019 жылдың маусым айында бакалавр дәрежесін алып, оқуды үздік дипломмен аяқтап шықты. 2019 жылдың тамыз айында Қарой мектеп-балабақшасына жастар тәжірибесіне қабылданды. 2020 жылдың қаңтар айында, осы мектепте уақытша аға тәлімгер болып жұмысын жалғастырды. 2020 жылдың қыркүйек айынан бастап, Қарғалы ауданы, Желтау ауылдық округіндегі «Бейтерек» және «Бөбек» балабақшаларына психолог болып жұмысқа орналасты. 2020-2022 жылдары аралығында, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің, «Математика-информатика» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін иеленіп, екінші жоғары білімі бар жас маман атанды. 03.12.2020-11.12.2023 жылдар аралығында «Қарой ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы болып қызмет жасады. 2024 жылдың 12 желтоқсанынан бастап, «Ойыл ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) бөлімінің бас маманы болып еңбек етіп келеді.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті ауыл тұрғындары!

Мен, Айтқалиев Нұрлан Айсәулі, Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінің әкімдігіне үміткер ретінде Сіздердің қолдауларыңызға ие болсам, төмендегідей өзімнің сайлауалды бағдарламамды жүзеге асыруға жұмыстанамын: Қазақстан Республикасының заңдарының Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы Жолдауларында және Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген салалық іс-шаралар жоспарының орындалуын жүзеге асыру бағытында қызмет жасаймын, оның ішінде: ауылшаруашылығы саласында мал азығын молайту, суармалы егісті дамыту, ауыл тұрғындарының ауыл шаруашылығы кәсіпкерлігімен шұғылданып, өздерінің табыс көздерін ұлғайтуына қолдау көрсетемін; кәсіпкерлік қызметті дамытып, ауыл шаруашылығындағы салалық мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жұмыс жасаймын; салық және бюджетке төленетін төлемдердің уақытылы толық түсуін қамтамасыз ете отырып, олардың ауылдың қажетті салаларын дамытуға бағытталуына күш саламын; табысы төмен әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтарға және мүгедектер мен қарттарға қолдау көрсетіп, оларға жергілікті бюджет қаржысы есебінен тегін қызмет түрлерін кеңейтуге ат салысамын; ауыл тұрғындарын жұмылдырып, елді мекенді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау жұмыстарын іске асыруға көңіл бөлемін.

бұқаралық спортты тұрғындар арасында насихаттауды жүргізе отырып, «Салауатты Қазақстан» азаматтарының қатарын көбейтуге күш саламын. аймақтағы денсаулық, білім, мәдениет саласының жұмысын үнемі қолдап, олардың материалдық-техникалық базасының нығаюына ықпал етемін; ауыл жастарының көкейтесті мәселелерін оңтайлы шешіп, жастарды ауылдық жерде тұрақтандырып, Қазақстан Республикасының белсенді патриотын тәрбиелеу жұмыстарын белсенді жүргізуге өз үлесімді қосамын.

Жариялау ақысы кандидаттың үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

САЙЛАУ - 2025

Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР ИЗБАСОВ АДІЛБЕК ЖАНСЕРИКОВИЧТИҢ



ӨМІРБАЯНЫ

Әділбек Жансерікұлы Избасов 1991 жылы 12 тамызда Ш.Берсиев атындағы ауылдық округіне қарасты қасиетті Қаратал ауылында дүниеге келген. 1997-2008 жылдар аралығында Ш.Берсиев атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін 2008 жылы Алматы қаласы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне тарих мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2012 жылы бітірген. Үйленген 2 баласы бар. 2012 жылы Ойыл аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі ММ – не қарасты Ш.Берсиев атындағы модельдік кітапханасына жастар практикасы бойынша жұмыс жасаған. 18.02.2013-18.11.2013 жылы «Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің азаматтық штабы негізінде жұмыс жасады.

18.11.2013-28.03.2014 жылдары «Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің жетекші маманы. 05.08.2014-06.01.2015 жылдары «Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы болып қызмет жасаған. 06.01.2015 - «Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маман штатының қысқартылуына байланысты жазбаша келісім негізінде жетекші маман лауазымына ауыстырылды. 2016 жылдан бастап «Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы болып қызмет жасады. 2018 жылдың тамыз айынан 2019 жылдың наурызына дейін Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы болып қызмет жасады. 12.03.2019-20.10.2022 жыл Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі әкімі қызметін атқарды. 14.11.2022-09.01.2023 жыл «Ойыл ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік-құқықтық және ұйымдастыру жұмыстары бөлімінің бас маманы. 10.01.2023 жыл «Ойыл ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік-құқықтық және ұйымдастыру жұмыстары бөлімінің бас инспекторы, терроризмге қарсы комиссия хатшысы.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Барлық ізгілік атаулының бастауында адалдықтан туған асыл ниет жатыр» десек, елдің көркеюі үшін жасалатын әрбір жаңа бастаманың ел мұратына арқау болары анық. «Қанша биікке шықсам да, халықтан төмен өккендігімді ұмытқан жоқпын» деген Д. Қонаевтың ұлағатты сөзін ұштастыра отырып, туған жерім Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округін басқару тұтқасын ұстау мүмкіндігі болып жатса, жерлеріміз талап-тілектерін орындай отырып, жергілікті жердегі әлеуметтік экономикалық даму мен саяси тұрақтылықтың сақталуы үшін халықпен етене жұмыс жасаймын және осы жолда лайықты тұлға болуға күш-жігерімді, білімімді жұмсаймын. МАҚСАТЫМ АЙҚЫН, АРМАНЫМ БИИК. Болашақ жастардың қолында. Алда атқарар келелі істердің бір қатары. «Ойыл-Қаратал аралығындағы көтерме жолдың жағдайын жақсартуға күш саламын.

«Ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін жұмыс жасаймын. Аз қамтылған отбасыларына көмектесіп, денсаулығы төмен, мүгедек жандарға қамқорлық көрсету үшін Құмжарған ауылына газ құбырын тарту бастау назарымда болады. «Ауыл мәдениетінің көкейтесті мәселелерінің оңтайлы шешілуіне күш саламын. Ауыл тұрғындарының мәдениетті демалуына қолайлы жағдай туғызу, тазалық, абаттандыру, спорт саласының дамуы мен ауыл көшелерін жарықтандыруға және ауыл ішіндегі көшелерді асфальттау бағытында жұмыс жасаймын. Ауылға жастардың тұрақтануына байланысты барлық жағдайын жасауға күш саламын. Су тасқынының алдын-алу бағытында тиісті жұмыстар жасаймын. Су тасқынынан зардап шеккен нысандарды қалыпқа келтіру жұмыстарына күш саламын.

Жариялау ақысы кандидаттың үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

САЙЛАУ - 2025

Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР НАУРЫЗБАЕВ АЛМАТ НАУРЫЗБАЙҰЛЫНЫҢ



ӨМІРБАЯНЫ

Алмат Наурызбайұлы Наурызбаев 1993 жылдың 10 қазан күні Ойыл ауданы, Сарбие ауылында дүниеге келді. 2000-2011 жылдары Сапақкөл орта мектебін аяқтап, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетіне түсіп, 2014 жылы «Көлікті пайдалану, жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру» мамандығын алып шықты. Сонымен қатар, 2011 жылы аталған университетте оқып жүріп, М.Оспанов атындағы медицина университетінің жанындағы әскери кафедрала 2 жыл 6 ай оқып, запастағы лейтенант шенін алып, 2013 жылы бітірді. 27.05.2016 жылы «Сарбие ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде жетекші маман болып жұмысын бастап, 2021 жылы 9 наурыз күні ішкі конкурсымен бас маман лауазымына ауысып, қазіргі уақытта аталған лауазымда жұмыс атқаруда.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті ауыл тұрғындары!

Сіздердің қолдауларыңызбен ауылдық округ тұрғындарының талап тілектерін ескере отырып, үміткер ретінде төмендегі сайлауалды бағдарламамды ұсынамын: Ауыл шаруашылығы саласында «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру есебінен жаңа жұмыс орындарының ашылуына қолдау көрсете отырып, ауыл тұрғындарының табысының көтерілуіне қолдау көрсетуді басты назарда ұстаймын; Кәсіпкерлікті дамыту, сүт, көкөніс өнімдерін өңдейтін цехтар ашуға тартуға жұмылдырамын; Еңбекке қабілетті жұмыссыз азаматтардың жұмыспен қамтылуына жағдай жасап, ауданда жұмыссыздық деңгейін мейлінше азайту бойынша шаралар қабылдаймын; Елді мекендерді газбен қамту мәселелерінің шешілуіне жұмыс жасауға ықпал етемін; Ауылдық округтің елді мекендері мен көшелерін абаттандыру, жарықтандыру, автомобиль жолдарын жөндеу мәселелерін шешу бойынша тиісті жұмыстар жүргіземін; Халықтың әлеуметтік осал топтарын тұрғын үймен қамтамасыз етілуіне қолдау көрсетіп, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға, олардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға бағытталған спорттық және мәдени іс-шараларды жетілдіру бағытында жұмыс жасаймын; Тұрғындардың өтініштерін жан-жақты қарап, қанағаттандыру бойынша жұмыстарды бақылауда ұстаймын.

Жариялау ақысы кандидаттың үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07. Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1422 дана. Тапсырыс 52 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525 «Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ө. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.



«ШАПАҒАТТЫҢ» КОНЦЕРТІ ӘН ШУАҒЫНА БӨЛЕНГЕН КҮН
КЕШЕ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӨДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ ХАЛЫҚТЫҚ «ШАПАҒАТ» ЕШПАНОВТАР ОТБАСЫЛЫҚ АНСАМБЛІНІҢ «ӨМІРІМДІ ӨНЕРМЕН КЕСТЕЛЕДІМ» АТТЫ ЕСЕП БЕРУ КОНЦЕРТІ ӨТТІ.

Мерекелік кеш халық әндері мен заманауи туындыларға толы болды. Көрермендерге «Ойнап құл», «Ауылға сағыныш», «Отбасым», «Бауырым» сияқты жүрекке жақын әндер ұсынылды. Сонымен қатар, ансамбльдің кенже мүшесі Ақниеттің репертуарындағы әндер шырқалып, көрермендерді ерекше әсерге бөледі. Кеш барысында облысымыздың басқа да өнерпаздары – Нұрладдин Сағынов пен Естай Бекбергенов және Марғұлан Илиясов өнер көрсетіп, халықтың ықыласына бөленді. Концертке қатысқан жұртшылық өнерлі отбасының талантына тәнті болып, көтеріңкі көңіл-күймен тарасты. Мерекелік шара соңында аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы ансамбль мүшелеріне алғыс хат табыстап, Ақниетке қаржылай сертификат ұсынды. Сонымен қатар, ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысынан арнайы құттықтау хаты тапсырылды. «Шапағат» халықтық Ешпановтар отбасылық ансамблі Ойыл аудандық мәдениет үйі жанынан 2004 жылы құрылды.

2008 жылы «халықтық» атағын иеленіп, 2022 жылы бұл мәртебесін қайта қорғады. Ансамбльдің жетекшісі Боранбай Ешпанов ұлттық домбыра аспабын және жапондық «Синтезатор» аспабын шебер меңгерген. Ол сондай-ақ театр сахнасында бірнеше рөлдерді сомдап, «Шаншу» әзіл-сықақ театрының белді мүшесі ретінде танылған. Отбасының отанасы Гүлмира Ибағалиева домбыра мен эстрадалық әндерді тамаша орындайды, сонымен қатар, әзіл-сықақ интермедияларында ойнайды. Ансамбль мүшесі Бұлбұл Ешпанова – аудандық музыка мектебінің мұғалімі. Ол вокал және хор класстарынан дәріс беріп, жас өнерпаздардың тәрбиесіне зор үлес қосуда. Отбасының кенжесі Ақниет 5 жасынан бастап өнер сахнасына шығып, облыстық және аудандық конкурстардың жеңімпазы атанып келеді. Ол А.Жұбанов атындағы музыкалық колледжін тәмамдап, қазіргі таңда Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясында білім алуда.

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІН ІРІКТЕУ БОЙЫНША КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ, ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ МҮШЕЛІГІНЕ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУДЕН ӨТУГЕ НИЕТ БІЛДІРУШІ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІ МЕН АЗАМАТТАРДЫҢ АРАСЫНДА КОНКУРС ӨТКІЗІЛЕТІНДІГІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ.

Жұмыс тобының мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері мынадай құжаттарды тапсырады:
 1) жұмыс тобының құрамына кандидаттараны ұсыну туралы азаматтың өтініші;
 2) коммерциялық емес ұйымның жұмыс тобының мүшелігіне кандидатура (болған жағдайда) ұсыну туралы жазбаша ұсынысы;
 3) кандидаттың кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер;
 4) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі.
 Ашықтылық пен объективтілікті қамтамасыз ету үшін Жұмыс тобының отырысына дауыс беру құқығы жоқ, коммерциялық емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың өкілдері болып табылатын байқаушылар қатыса алады.

Жұмыс тобының отырысына қатысуға құқығы бар байқаушылардың тізімін қалыптастыру бойынша іріктеу жүргізу үшін байқаушы болуға ниет білдірген адам бекітілген нысан бойынша өтініш береді.
 Коммерциялық емес ұйымдардан, азаматтардан және байқаушылардан құжаттар 2025 жылдың 13 мен 20 қаңтары аралығында мына мекен-жай бойынша жазбаша түрде қабылданады:
 Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі 43, аудандық мәслихаттың қабылдау бөлмесі, сағат 09.00-ден 18.30-ге дейін, үзіліс 12.30-дан 14.00-ге дейін, анықтама үшін телефондар: 2-13-70 және 2-11-78, электронды пошта: maslihat.uil@mail.ru
 Өтініштердің нысандарымен аудандық мәслихаттың сайтында келесідей электронды сілтеме бойынша танысуға болады:
<https://www.gov.kz/memleket/entities/maslihat-uil?lang=kk>

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ҮЛГІЛІК ЕРЕЖЕГЕ

1-қосымша
 Нысан
 Кімге _____
 (республикалық деңгейде мемлекеттік органның атауы немесе жергілікті өкілді органның атауы)
 тұратын
 (елді мекен, көше, үй, пәтер)
 кімнен _____
 (өтініш берушінің аты, жөні, тегі (бар болған жағдайда), жеке куәлік № _____, берілді (қашан, кім))
Өтініш
 Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамына енгізу үшін өз кандидатурамды ұсынамын.
 Мен осы өтініш арқылы «Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелерімен танысқанымды растаймын және оның талаптарын сақтауға міндеттенемін.
Мынадай құжаттарды қоса беремін:
 1) _____
 2) _____
 3) _____
 4) _____
 5) _____
 6) _____
 7) _____
 20__ жылғы «__» _____
 Өтініш берушінің қолы _____

Құттықтау

ҚАРАСУ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ БАЗАРБАЙ АСЫЛБАЕВТЫ 75 ЖАСҚА ТОЛУЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Құрметті Базаке, жаңа жасың құтты болсын! Сен ұлағатты ұстаз болдың, бірнеше шәкірттер тәрбиеледің, Көптоғай еліне еңбегің сіңді. Екі ауылдың мектебінде басшылық қызмет атқардыңыз. Сізбен бірнеше жыл жұмыстас болдық, сіздің еңбек жолыңызды кейінгі ұрпаққа үлгі ретінде айта отырамыз. Алланың берген жасын жасап, балалардың қызығын көріп, Ажархан апаймен 100 жасаңыз.

**Игі тілекпен:
 еріптес інізі Мінсібай Жайлыбаев.**

Құттықтау

ОЙЫЛ АУДАНЫ, ҚАРАОЙ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ. АТШЫБАЙ ТІРЖАНОВТЫ 90 ЖАСҚА ТОЛУЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Жан әке, Сіз жүргенде көзіңді сап, Өсеміз бәйтеректей өзің құсап. Ортада Сіздер барда дара шыңдай, Бізге ашық кең пейілді сезім құшақ. Жан әке, үйреткен Сіз ерлікті де, Ұғындық Сізге қарап елдікті де. Жүреміз жалғастырып дәстүріңді, Дарытып дархандықты, кеңдікті де. Жан әке, бүгін той ғой ән салатын, Шаттыққа толы болсын әр сағатың. Атыңды асқақтатып біз ұстаймыз, Болашақ мерейтойлар салтанатын.

Тілек білдірушілер: бала-келіндеріңіз, қыздарыңыз-күйеу балдарыңыз, нәмерелеріңіз, жиендеріңіз, шөберелеріңіз.

ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ОТБОРУ ЧЛЕНОВ РАБОЧЕЙ ГРУППЫ ПО ФОРМИРОВАНИЮ ОБЩЕСТВЕННОГО СОВЕТА УИЛСКОГО РАЙОНА

УИЛСКИЙ РАЙОННЫЙ МАСЛИХАТ ОБЪЯВЛЯЕТ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА СРЕДИ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ НЕКОММЕРЧЕСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ И ГРАЖДАН, ЖЕЛАЮЩИХ ПРОЙТИ КОНКУРСНЫЙ ОТБОР В ЧЛЕНЫ РАБОЧЕЙ ГРУППЫ ПО ФОРМИРОВАНИЮ ОБЩЕСТВЕННОГО СОВЕТА УИЛСКОГО РАЙОНА.

Граждане, представители некоммерческих организаций, изъявившие желание участвовать в конкурсе по отбору членов рабочей группы, представляют следующие документы:
 1) заявление гражданина о выдвижении кандидатуры в состав рабочей группы;
 2) письменное предложение некоммерческой организации о выдвижении кандидатуры (при наличии) в члены рабочей группы;
 3) сведения о профессиональной и (или) общественной деятельности кандидата;
 4) Копия удостоверения личности гражданина Республики Казахстан.
 Для обеспечения прозрачности и объективности на заседании рабочей группы могут присутствовать наблюдатели, не имеющие права голоса, являющиеся представителями некоммерческих организаций, средств массовой информации, государственных органов, международных организаций.
 Лицо, изъявившее желание стать наблюдателем для проведения отбора по формированию списка наблюдателей, имеющих право на участие в заседании рабочей группы подает заявление по утвержденной форме.
 Документы от некоммерческих организаций, граждан и наблюдателей принимаются в письменном виде с 13 по 20 января 2025 года по адресу:
 Село Уил, улица Курмангазина 43, приемная районного маслихата, с 09.00 до 18.30 часов, перерыв с 12.30 до 14.00 часов, телефоны для справок: 2-13-70 и 2-11-78, электронная почта: maslihat.uil@mail.ru
 С формами обращений можно ознакомиться на сайте районного маслихата по электронной ссылке:
<https://www.gov.kz/memleket/entities/maslihat-uil?lang=kk>

К ТИПОВОМУ ПОЛОЖЕНИЮ ОБ ОБЩЕСТВЕННОМ СОВЕТЕ

Приложение 1
 Форма _____
 Кому _____
 (наименование государственного органа на республиканском уровне или наименование местного представительного органа)
 от _____
 (Фамилия, имя, отчество (при наличии) заявителя, удостоверение личности № _____, выдано (когда, кем) проживающего (ей): _____ (населенный пункт, улица, дом, квартира)
Заявление
 Выдвигаю свою кандидатуру для включения в состав Рабочей группы по формированию Общественного совета
 Настоящим заявлением подтверждаю, что я ознакомлен с положениями Закона Республики Казахстан от 2 ноября 2015 года "Об общественных советах" и обязуюсь соблюдать его требования.
 Прилагаю следующие документы:
 1) _____
 2) _____
 3) _____
 4) _____
 5) _____
 6) _____
 7) _____
 " " " 20__ года. Подпись заявителя _____

ТУБЕРКУЛЕЗ ЕМДЕЛЕДІ!

ТУБЕРКУЛЕЗ – ИНФЕКЦИЯЛЫҚ АУРУ. НЕГІЗГІ ИНФЕКЦИЯ КӨЗІ НАУҚАС АДАМ. СОНЫМЕН ҚАТАР, ТУБЕРКУЛЕЗ АУРУЫНА ШАЛДЫҚҚАН МАЛҒА КҮТІМ КӨРСЕТУ КЕЗІНДЕ ДЕ АДАМҒА ЖҰҒЫ МҮМКІН.



Көбінесе инфекция ауру адаммен жанасу болған кезде онымен сөйлескенде, жөтелгенде, түшкіргенде бөлінетін туберкулез бактерияларының ауа тамшылары арқылы сау адамға жұғу арқылы тарайды. Туберкулез ауруының белгілері: салмақ тастау, тер-белсенділігін арттыру, уақытында тынығу, темекі, ішімдік, жеке бас гигиенасын сақтау өте маңызды болып табылады. Ең маңыздысы өз денсаулығыңызға ұқыпты болып жоғарыда көрсетілген аурудың белгілері анықталған жағдайда ауруды асқындырмай, дер кезінде медициналық көмекке жүгіну қажет. Туберкулез диагнозы нақтыланған жағдайда дәрігердің ұсыныстарын сақтау, медициналық қызметкердің бақылауымен үзіліссіз ем қабылдау дертті толықтай емдеуге көмектеседі. Туберкулез ауруын уақытында анықтап емделмеген жағдайда ауруы асқынып, өлімге әкеледі және емделмеген науқас айналасындағыларға да қауіпті екенін естен шығармауымыз қажет.

Ғ. ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы Ойыл аудандық ауруханасының бас мейірбикесі Дархан Сағынғанқызы Бердешоваға ардақты інісі **Асанбек Сағынғанұлының** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.